

Жамбыл облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2022 жылғы 5 қазандағы № 21-22 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қазанда № 30096 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 8-тармағына сәйкес, Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облыстық
мәслихатының хатшысы*

М. Сарыбеков
Жамбыл облыстық
мәслихатының 2022 жылғы
5 қазандағы № 21-22 қосымша

Жамбыл облыстық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Жамбыл облысы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4843 болып тіркелген) шешімі.

2. "Сарысу ауданында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 26-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2283 болып тіркелген) шешімі.

3. "Сарысу ауданында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 26-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 35-12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2624 болып тіркелген) шешімі.